Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8**», посвященной 55-летию университета. – 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б. 136-137

«КІШІ АРАЛ» ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Н.Б.Қошқаров , Абсеитов Е.Т., Жумабаева Т

Арал теңізінің тағдыры бүгінде әлем жұртшылығын толғандырып отырғаны рас. Арал теңізінің бассейні Қазақстан және Өзбекстан аумағын алып жатыр. Теңіз бассейніне Амудария мен Сырдария өзендері енеді. Осы өзендер басты шекара аралық су артериялары болып саналады және Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қазақстан, Түрікменстан, Ауғанстан секілді алты елдің аумағын қамтиды. Сондықтан да су үлестері мен суармалы жерлердің бөлігі осы елдер арасында әртүрлі деңгейде. Арал проблемасы қазіргі уақытта тек осы алты мемлекеттің үлесіндегі мәселе болып отырған жоқ. Аралдағы экологиялық жағдай келешекте әлем елдерінің де климатына елеулі әсерін тигізетін апат ретінде қарастырылуда. Бұған дәлел, Арал бассейнінен ұшқан тұз қиыршықтарының әуе арқылы ұшып, циклон арқылы осы аймақтан тыс құрлықтардың климатына әсер етуі. Арал қасіреті алдағы уақытта бүкіл әлемнің қасіретіне айналуға шақ қалып отыр. Тіпті сонау Гималай, Скандинавия тауларында Арал тұзының қалдықтары табылып жатыр.

Соңғы ширек ғасырда Арал теңізінің деңгейі 20 метрге төмендеп, айдынның аумағы 26 мың шаршы шақырымға, су көлемі 800 текше шақырымға дейін азайып, судың тұзденуы 2,6 есе артты. Қазақстан аумағындағы теңіз жағалауы 100 шақырымнан астам қашықтап, «Кіші Арал» деп аталатын Солтүстік Арал теңізі толық оқшауланды. Құрғаған теңіз ұлтанынан көтерілген тұзды шаң бүкіл әлемге тарала бастады.

1980 жылдардың соңынан бастап «Кіші Аралды» көтеру және Сырдария ағынын ретке келтіру ойы айтыла бастады.

1985 жылы қос өзен суының келуі мүлдем тоқтағанын ғалымдар дәлелдеді. Бірақ 1996 жылғы Солтүстік Арал теңізінің Ақшатау және Қамыстыбас тұшы көлдер жүйесінде, Сырдария өзенінде қалған балық аулау кәсіпшілігі тыйылып, Аралдың балық шаруашылығы аймақтық маңызын мүлдем жойған. Арал өңірі бұл тек қана экологиялық қауіп аймағы ғана емес, бүкіл дүние жүзінің трагедиясы. Дағдарыс тереңдігіне, экологиялық апат көлеміне, осы ауданда тұратын тұрғылықты адамдардың санына қарағанда күллі жер жүзінде мұндай проблемалы аймақты табу өте қиын. Арал өңіріндегі жағдайлар осы күнге дейін шешімін таппай келеді. Ал нақты іс-әрекеттер, көптеген жоспарлар мен бағдармалар тек қана қағаз жүзінде ғана қалып отыр. Бұл проблема адам өмірінің барлық жақтарын және табиғи ортаның көп жағдайын қамтиды. «Кіші Арал» проблемасын шешуде «Сырдария өзенінің арнасын реттеу мен Арал теңізінің Солтүстік бөлігін сақтау» жобасы маңызды болып табылады. Дұрыс шешім Аралдың таңғажайып ихтиогенді қорын, флора мен фаунасын сақтар еді.